

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек» МДҰ

Топ: «Айгөлек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04-14.04.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)	«Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаптығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (сөйлеуді дамыту)	Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқаны туралы жеке- жеке сұрау (сөйлеуді дамыту).	Баланың қабылдау бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау (құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру)	Баланы қабылдау, балалармен ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) (құрастыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.	Балалардың денсаулығы, тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл-ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/о: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Шарты: Балалар сипап – сезу арқылы заттың үлкен –кіші екенін анықтап, қандай зат екенін айтады. (математика)	Д/о: «Қай қолымда көп» Шарты: Ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстағады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін	Д/о: «Соқыртеке» Шарты: «Соқыртеке» болып белгіленген баланың көзін байлап, айналдырады. Балаларды ұстау арқылы атын атайды. (дене шынықтыру)	Д/о: «Танып ал да, атын ата» Шарты: Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауларын атап, ажыратады. (математика негіздері)	Д/о: «Ең қызықты ертегі» Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады. (көркем әдетіет)

	<b>негіздері)</b>	анықтайды. <b>(математика негіздері)</b>			
<b>Танертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені №15	Таңғы жаттығу кешені №15	Таңғы жаттығу кешені №15	Таңғы жаттығу кешені №15	Таңғы жаттығу кешені №15
<b>Таңғы ас</b>	Тағамды асықпай жеуге қалыптастыру	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тамаққа аудару.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Д/о: «Не жоқ» Шарты: Алдыларындағы суреттердің ішіндегі қандай зат жоқ екенін табады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Д/о: «Заттарды сана» Шарты: балаларға топ ішіндегі заттарды санап жарысады. <b>(математика негіздері)</b>	Д/о: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Жыл ерекшеліктерін қай жыл мезгіліне жататынын айтады <b>(сөйлуді дамыту)</b>	<b>Шаттық шеңбері</b> Аспан ашық ,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Тереземнен көріп тұр.	<b>«Кім жылдам!»</b> Шарты: Алдыларындағы қиынды суреттерді құрастырады <b>(құрастыру)</b>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Музыка</b> Педагог жоспары бойынша.	<b>Дене шынықтыру</b> Педагог жоспары бойынша.	<b>Қазақ тілі</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.	<b>Дене шынықтыру</b> Педагог жоспары бойынша.	<b>Дене шынықтыру</b> Педагог жоспары бойынша.
	Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға	Балаларды кітап орталығына шақырып, ғарышкерлердің суреттері бар кітапты қарап шығуын ұйымдастыру. Ғарышкерлердің есімдерін атау. Токтар Әубәкіровтың үлкендеу суретін көрсетіп, ғарышкер туралы айтып таныстыру.	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту. Ғарышкер ұшты ғарышқа. Ғарышқа ұшты ғарышкер. Айтшы, ғарыш алыс па? <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Балалардан сұрау қалай ойлайсындар, қыздар ғарышкер бола ала ма? Әлемдегі алғашқы әйел ғарышкер- Валентина Владимировна Терешкова. Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады? Қандай	Ләпбұқтан ғарыш туралы көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен

<p>тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей бастаған деп ғарыш әлемінің макетін көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. <b>(көркем әдебиет)</b> Ғарышкерлер туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қала өмірінің ерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>Сосын балаларды орталықтарға бөлу <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Зымыранның суретін бояту. Қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін дұрыс (қызыл, сұр) қолдануды дамыту. <b>(сурет салу)</b> екінші орталықта балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексаздан құрастырғызу. <b>(Мүсіндеу)</b></p>	<p>Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіңдер ме? Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті. Аспандағы жұлдыздар үлкен және кішкентай болатынын көріп келіпті. Біздің ғажайып саядықтан көптеген жұлдыздар шығады оларды салыстырып ойнайық. Карточалармен жұмыс. Жұлдыздарды сәйкестендіру. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p>тамақтарды ғарышқа алып баруға болады? суреттер қарап әңгіме құрастыру <b>(көркем әдебиет)</b> Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p>таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Карточкаларға сәйкес фигураларды қойып шығуды ұйымдастыру. <b>(математика негіздері)</b></p>
---	---	--	---	--

	Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату. (құрастыру және сурет салу)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау	Киіміндегі олқылықтарды ретке келтіруге баулу.	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау
<b>Серуен</b>	Серуен картотекасы №16	Серуен картотекасы №17	Серуен картотекасы №18	Серуен картотекасы №19	Серуен картотекасы №20
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру
<b>Түскі ас</b>	«Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтау мәдениетін қалыптастыру.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тамаққа аудару.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
<b>Күндізгі ұйқы</b>	«Ешкі мен түлкі» әуен аудио-ертегісін тыңдату.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.	«Шалқан» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдайды	«Әлди – әлди ұйықтай ғой» әуен аудио тыңдату.

<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды</p>	<p>Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды</p>	<p>Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.</p>	<p>Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.</p>	<p>Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.</p>
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</p>	<p>Ойын- жаттығу: Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.</p>	<p>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</p>	<p>Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.</p>	<p>Әдептілік ережелерін түсіндіру. Ойын- жаттығу Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ғарышкер мен оның командасын не істейді суреттерге қарап әңгімелету. Зымыран, ғарышкер, аспан, ай жұлдызды танып атауын ұйымдастыру. Дидактикалық ойын «Сәйкесін тап» <b>(сөйлеуді дамыту)</b>  Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексаздан ғарышкердің бас киімін жасап</p>	<p>Балаларға ғарышкер болуды ұсыну. Біз алыс планеталарға ұшу үшін ғарыш кемесіне барамыз. Ғарышкерлер ұшар алдында ұзақ уақыт бойы жерде жаттығады, әртүрлі сынақтардан өтеді. Қалай шынығу керектігін айтып, балалардың ұсынысы бойынша жаттығулар жасату. Тапсырманы орындап болған соң өз қалаулары бойынша ғарыш кемесін жасап, ұшу. Ғарышкер болып ойнау. <b>(сөйлеуді дамыту және дене</b></p>	<p>Балалар бүгін космонавттар күні. Бұл күні ғарышқа алғаш Юрий Алексеевич Гагарин атты адам ұшқан. Оған батыр атағы берілген. Арнайы үлкен қорабтардан жасалған зымран ішіне кіріп ойнауын ұйымдастыру, дербес шығармашылық әрекеттеріне жағдай жасау. <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b></p>	<p><b>«Мен ғарышкер боламын»</b> <i>Ж.Смақов</i> <i>Жаттауын жаттау.</i> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. <b>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)</b> Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киноға немесе өз</p>	<p>Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. <b>сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді,</b>  Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату <b>(музыка)</b></p>

	көрүдү ұсыну. Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Бір орталықта ермексаздан бас киім жасату (мүсіндеу) Екінші орталықта элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ғарыш кемесін безендіру (жапсыру) Ортаға жиналып көңілді ән ортындап, би билету. (музыка)	шынықтыру)		бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. (жапсыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Айсұлумен жеке жұмыс: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алу.	Аяламен жеке жұмыс: «Кілтті тап» Мақсаты: Балаларды түстерді, геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Рабинамен	Раянамен жеке жұмыс: «Қажет суретті тап» Ойынның мақсаты: Үлкен және кіші ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.	Рамазанмен жеке жұмыс «Тығылған аңды тап!» Мақсаты: Тығылған аңдарды, орман ішінен табу.	Рабинамен жеке жұмыс «Бұны қай кезде киенді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндалу арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс	Киімдерін дұрыс киіп білуге үйрету. Аяқ	Балаларға ойын киімдерін өздері	Серуенге шығу туралы балаларға	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды

	киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	киімнің оң солын түсіндіру..	шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	бұзбауды үйрету.
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей, ұстап сезу арқылы табу.  <b>Еркін ойындар</b> Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	Қимылды ойын «Сакина жасыру» Балабақша ауласына ұшып келген құстарды санау, салыстыру. ( <b>математика негіздері</b> )  <b>Қимылды ойын</b> «арқан тарту»	Құмнан зымыран жасау. <b>(құрастыру)</b>  <b>Қимылды ойын</b> «Мысық пен тышқан»	Еркін ойындар  <b>Қимылды ойын</b> «Ханталапай»  Құмда таяқшалармен еркін тақырыпта сурет салуын ұйымдастыру ( <b>сурет салу</b> )	<b>Қимылды ойын</b> «Сакина жасыру.»  Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. ( <b>құрастыру</b> )
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу,	Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру	Дұрыс тамақтану ережелері.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.